



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



№4 5 қаңтар 2020 жыл жексенбі

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

ЖИТС-тың алдын алу айлығы 12



01-30.12.2019ж. №1 «Жалпы білім беру және жаратылыстану ғылыми пәндері» ЦӘК мұғалімдерімен ЖИТС-тың алдын алу айлығы барысында бірнеше шаралар өткізілді. Дәріс оқуға 1-ші курс білімгерлеріне арнайы Жамбыл облыстық ЖИТС алдын алу және онымен күрес жүргізу орталығынан мамандар шақырылды: Р.Х. Жакенова, И.М. Досымова. Студенттерге қызық дәріс айтылды, видеоматериалдар көрсетілді, бүктемемен парақтар таратылды және мамандар қойылған сұрақтарға жауаптар берді. Дәрістің мақсаты ЖИТС туралы білімдерін толықтыру, кеңейту.



30.12.2019 ж. Колледжіміздің директоры Жамиля Нұрғалиқызы колледждің ардагер ұстаздары, колледж белсенді студенттері мен жыл бойына жақсы қызмет еткен қызметкерлерді "Жаңа жыл" мерекесімен құттықтап, мерекелік сыйлықтар тарту етті.



30.12.2019 ж. "Еріктілер" отряды мен "Жас Отан" Жастар Қанатының белсенді студенттерінің ұйымдастыруымен №4 "Арнаулы әлеуметтік қызметтер ұсыну" орталығына барып, қайырымдылық жаңа жылдық шырша өткізіліп, балаларға сыйлықтар таратылды.



"Екі жұлдыз" байқауы 13



24.12.2019 ж. Колледжіміздің "Тәрбие бөлімі" Рухани жаңғыру орталығы, колледждің АСК-ерлерінің ұйымдастыруымен "Екі жұлдыз" байқауы өткізілді. Байқаудың жүлде иегерлері: Бас жүлде анатомия және физиология пәнінің оқытушысы А.А. Бопеева мен 106 топ студенті Кенжеш Д. I орын иегерлері психология пәнінің оқытушысы А.Н. Оскенбаева мен 105 топ студенті Төреханова Н. II орын иегерлері химия пәнінің оқытушысы А.С. Ташмахамбетова мен 103 топ студенті Масабаева М. III орын иегерлері физика және информатика пәндерінің оқытушысы А.А. Буксукбаева мен 104 топ студенті Жүсіпова Ұ. иеленді.

Құттықтаймыз 15



Жамбыл облысы 80 жылдығына орай облыс әкімі А. Мырзахметов Жамбыл жоғары медициналық колледжінің директоры Ж.Н. Сарыбекованы «Облысқа сіңірген еңбегі үшін» төсбелгісімен марапаттады.



«Сыбайлас жемқорлықсыз ел – өркендеуші ел» атты 9 желтоқсан – Халықаралық жемқорлықпен күресу күніне орай өткен форумда еліміздегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың іске асыруына және қоғамда адалдық, әділдік, парасаттылық құндылықтарын нығайтуға қосқан елеулі үлесі үшін, «Жамбыл жоғары медициналық колледжінің» ұжымы алғыс хатпен марапатталды.

Ғажайыпқа толы жаңа жыл 14



25.12.2019 ж. №1 Арнайы пәндер ЦӘК оқытушыларының ұйымдастыруымен «Ғажайыпқа толы жаңа жыл» тақырыбында колледж қызметкерлерінің балаларына арналған жаңа жылдық шыршасы өтті. Кеште қызықты ойындар ойнатылып, сұлтан және уәзірлері, жалмауыз кемпір, тышқан, доңыз кейіпкерлерімен көрініс қойылып, Аяз ата мен ақшақар балаларды билетіп, өлең айтқан балаларға сыйлық берді. Балалар шыршасы көңілді өтті.



16 желтоқсан Қ.Р. Тәуелсіздік күніне орай Қ.Р. Денсаулық сақтау министрі Е.Біртановтың № 640 18.11.2019. бұйрығымен колледжіміздің «Мейіргер ісі» мамандығы бөлім меңгерушісі Ж.Б. Мырзагулова «Денсаулық сақтау ісіне қосқан үлесі үшін» төсбелгісімен, колледж оқытушысы Б.С.Мадимарова азаматтардың денсаулығын сақтау ісіне қосқан жеке үлесі мен мінсіз адал еңбегі үшін Алғыс хатпен марапатталды. Жамбыл облысы әкімінің денсаулық сақтау басқарма басшысы М.С. Жұманқұлов табыстады.



БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

Педагогикалық кеңес 1

Облыстық олимпиада 2

Облыстық семинар-практикум 3

Пікірсайыс турнирі 4

Ашық сабақ 5

Ашық тәрбие сағаты 6

Дөңгелек үстел 7

Тренинг 8

Студенттермен кездесу 9

Ашық іс - шара 10

Семинар 11

ЖИТС-тың алдын алу айлығы 12

"Екі жұлдыз" байқауы 13

Ғажайыпқа толы жаңа жыл 14

Құттықтау 15

Біздің мекен жайымыз: Тараз қаласы, Ниятқалиев көшесі №20, Жамбыл жоғары медициналық колледжі. Басылым мүшелері: Әдістемелік кабинет, редакциялық коллегия алқасы.

Колледж сайты: <http://mc.zhambyl.kz>

Колледж әлеуметтік желілері: <https://www.facebook.com/pzhmk> https://www.instagram.com/zhmk_zhambyl.kz



Педагогикалық кеңес

1



20.12.2019 ж. педагогикалық кеңес өтті. Күн тәртібінде:

1. Дуалды оқыту топтарының оқытылуы мен білім сапасы. Жауапты: директордың оқу-тәжірибе ісі жөніндегі орынбасары Қ.Т. Андакулова.

2. Еріктілер қозғалысы жұмысының жүргізілу сапасы. Жауапты: Р.Ж. Мукажанова.

3. "Smart college" цифрлық аналитикалық жүйе. Жауапты: А.Е.Исмаилова.

4. Әртүрлі сұрақтар

Облыстық олимпиада

2



10.12.2019 ж. ЦӘК №2 Жалпы білім беру және жаратылыстану ғылыми пәндері оқытушыларының ұйымдастыруымен техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері арасында химия пәнінен «Қызықты да, ғажайып –ХИМИЯ» атты облыстық олимпиада өткізілді. Нәтижесінде жеңімпаздар дипломмен және бағалы сыйлықтармен марапатталды. I дәрежелі дипломмен Жамбыл политехникалық жоғары колледжінің студенті Асан М. марапатталды. II дәрежелі дипломмен Тараз теміржол көлік және коммуникациялық колледжі студенті Қуанышбек С. марапатталса, III дәрежелі дипломмен – Тасыбаева А. Абай атындағы Жамбыл гуманитарлық колледжі студенттері иеленді. Олимпиада қатысушыларын дайындаған оқытушыларда алғыс хаттармен марапатталды.

Облыстық семинар практикум

3



06.12.2019ж. «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ ұйымдастыруымен колледж базасында «Дуалды оқытудың өзектілігі» тақырыбында облыстық семинар-практикум өткізілді. Дуалды оқыту жүйесі – кәсіптік кадрлар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі болып табылады. Оның ерекшелігі, кәсіптік оқыту үрдісінің басым бөлігі оқу орнында емес, кәсіпорында өтеді.

Кәсіптік кадрларды дайындаудың дуалды оқыту үлгісі – кәсіпорынның, оқу орнының және білім алушының жауапкершілігі тең болған кезде білім беру ұйымындағы оқытуды кәсіпорында білім алушыларға жұмыс орындарын бере отырып оқыту мен практикалық міндетті кезеңдерімен ұштастыратын кадрлар даярлау нысаны болып табылады.

Облыстық семинар-практикумның қонақтары, келесі баяндамаларымен сөз қозғады:

1. Т.С. Жамалов – «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ басшысының орынбасары.

2. А.Ж. Жайлышева «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы» КММ техникалық және кәсіптік білім бөлімінің басшысы.

3. Р.Б. Нұржанов – «№1 Қалалық балалар ауруханасы» ШЖК МКК бас дәрігері – «Медициналық ұйымдардың кадрлар дайындауға қатысуы» баяндамасы.

4. А.Б. Сарманов – Тараз техника және бизнес колледжі директорының оқу-өндірістік ісі жөніндегі орынбасары – «Дуалды оқытудың тиімді жақтары» баяндамасы.

5. М.О. Омирбекова – Жамбыл облысы Кәсіпкерлер палатасының адами капиталды дамыту бөлімінің I-ші деңгейлі сарапшысы – «Дуалды оқытуда жұмыс жоспарының ерекшелігі» баяндамасы.

Облыстық семинарға Жамбыл облысының техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарынан 43 маман қатысты. Дуалды оқыту жүйесі бойынша білім алатын студенттердің әлеуметтік серіктестік базаларында тәжірибелік сабақтарды өту барысы туралы бейнеролик көрсетілді. Семинарға қатысушылар дуалды оқыту бағдарламасын жүзеге асыру туралы тәжірибе бөлісіп, сұрақ-жауап алмасты. Семинардың қорытындысы шығарылған соң, қатысушылар колледждің «Б» ғимаратындағы оқу-тәжірибелік кабинеттерімен танысты.

Пікірсайыс турнирі

4



6-9.12.2019 ж. Колледжіміздің «Жас Алаш» дебат клубы Түркістан қаласындағы Қожа Ахмет Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті ұйымдастырған «Болашағымыз бірлікте III» Яссауи кубогі атты республикалық пікірсайыс турниріне колледж демеушілігімен барып қайтты. Облыстың пікірсайысшылары жалпы командалық 3 орынды иеленді. Ойын барысында Республиканың түкпір – түкпірінен келген пікірсайысшылармен ой бөлісіп, тәжірибе алмасты.

Ашық сабақ

5



23. 12.2019 ж. №1 әлеуметтік- экономикалық жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндерінің ЦӘК оқытушысы Д.А. Рыскубекова «Мейіргер ісі» бөлімінің 208 топ білімгерлерімен «Қазақстан тарихы» пәнінен «Октябрьская революция 1917 г. и её предпосылки. Гражданская война (1918-1920 гг.).

Образование Казахской Советской государственности. Советское государственное строительство» тақырыбында ашық сабақ өтті. Сабақтың мақсаты: студенттерді қоғамдық-саяси өмір дамуының кезеңдерімен, тарихи өзгерістердің қоғамдық қатынастардың дамуына тигізер әсерімен таныстыру. Сабақ мақсатына жетті.

Дөңгелек үстел

6



12.12.2019 ж. Жамбыл облысының 80-жылдығына орай №1 әлеуметтік- экономикалық жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндерінің ЦӘК оқытушысы Ш.Е. Ашимова «Емдеу ісі» бөлімінің 111ЛФ-9/19 топ студенттерімен және жоғары санаттағы хирург, медицина ғылымдарының докторы С.О. Ордабековпен «Жамбылская область-моя Родина» тақырыбында дөңгелек үстел өтті.

Ашық тәрбие сағаты

7



13.12.2019 ж. «Мейіргер ісі» бөлімінің 201 топ студенттері мен топ кураторы Л. Б. Саурбаеваның ұйымдастыруымен 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне арналған «Еліміздің еркіндігі – Тәуелсіздік» атты ашық тәрбие сағаттын өткізді. Тәрбие сағатына Патриоттық қозғалыс «Желтоқсан ақиқаты» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Жамбыл облыстық филиалының мүшелері және «Желтоқсан оқиғасының» қатысушы ардагерлері: С. Иманкулова, С. Мырзабай, Т. Кеншібеков, Р. Серікбайқызы, К. Узбековна сынды ардагерлер келіп қонақ болды.

Тренинг

8



10. 12. 2019ж. Колледжіміздің психологиялық қызметі мен Жастар денсаулық орталығы бірлесе отырып, «Жақсы сөз – жарым ырыс», тақырыбында тренинг өтті. Тренингтің мақсаты: студенттерге сөз құдіретін

ұғындыру, сөздің қасиетін бағалай білуге және сөйлеу әдебін сақтай білуге үйрету, бабалар тағылымы мен нақыл сөздердің тәлім-тәрбиелік мәнін түсіндіру. Тренингке колледж психологы: А.Н.Оскенбаева және Жастар ресурстық орталығының психологы: А.Н.Нұрланова, А.Д.Ақылбекова қатысты.

Студенттермен кездесу

9



11.12.2019 ж. Nur Otan» партиясы Жамбыл облыстық филиалы жанындағы «Jas Otan» Жастар қанатының төрағасы У.Б. Болатбек келіп колледж студенттерімен кездесу өткізді.

Кездесу барысында өскелең ұрпақты адалдық, парасаттылыққа жетелеп, болашақта келер ұрпақтан көп үміт күтетінін жеткізді.

Ашық іс-шара

10



20.12.2019 ж. Колледжіміздің Б ғимаратында «Солтүстік –Қазақстан жоғары медициналық колледжі» Ш Ж Қ К М К « Ф а р м а ц и я » мамандығының жылдық жоспарына сәйкес онлайн режимінде ОЭБ кезекті отырысы болды. Бұл ашық іс-шараға колледж директорының оқу-өндірістік жұмысы жөніндегі орынбасары К.Т.Андакулова және фармацевтикалық пәндер оқытушылары қатысты.

Семинар

11



20.12.2019ж. Б ғимаратында «Болашақ» Қоғамдық ұйымы төрайымы Г.З. Калиева «Внимание, торговля людьми!» тақырыбында семинар өткізді.

Семинар тыңдаушылары болып колледждің оқытушылары мен 70 студент қатысқан болатын. Семинар барысында тақырыпқа сай бейнероликтер көрсетіліп, қандай жағдайда адам ұрлау қаупінен сақтану қажеттігі жете түсіндірілді. Студенттерге ақпараттық брошюралар таратылып, қызықтыратын сұрақтары талқыланды.